Пікірсайыс алаңында талай суырылып алға шығып жүрген «Ахмет Ұрпақтары» пікірсайыс клубының мүшелері үшін қараша айы жеңіс пен жеміске толы ай болды.

Олай ауыз толтырып айтуымыздың себебі, дәл осы айда клуб қоржыны 1 кубок, бірінші, екінші жүлделі орындармен және марапаттау қағаздарымен қоса медальдармен де толықты. Нақтырақ айтатын болсақ, 11-12 қарашада Астана қаласында 14 аймақ өкілдері бас қосқан республикалық турнир-





ге клуб президенті Ақыл Асқарова мен оның сенімді серіктесі Алмагүл Ақылбек қазақ лигасында қатысса, Станислав Печников пен Азамат Қамза орыс лигасында сөз жарыстырып, тұғырлы үшінші орынға көтерілді және Азамат үздік спикер атанды.

Ал, 12-13 қараша аралығында өткен Ақмола облысының ораторлар форумының «Қазақстанның Нұрлы болашағы» атты турнирінде клуб мүшелері Нұрислам Жұмакен мен Оразхан Зейнолла гладитор болып ойын көрсетті, яғни басқа клуб мүшелерімен бірігіп ойнады. Нәтижесінде, Нұрислам Жұмакен Дастан Қалиевпен біріккен «Амангелді тарландары» фракциясы осы турнирдің жеңімпазы болып, «Ахмет Ұрпақтары» Республикалық кубоктың иесі атанды.

Сонымен қоса, 19 қараша күні Карл Поппер форматында өткен «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ҚМПИ ректор кубогі үшін өткен аймақтық пікірсайыс турнирінің» нәтижесі бойынша университетіміздің студенттері Оразхан Зейнолла, Сүлеймен Жұман және Алмат Бейсенбай жүлделі екінші орынға ие болды.

Дәл осы 19 қарашы күні Рудный қаласында өткен Мәңгілік Ел «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған» облыстық турнирде бірінші орынға клуб координаторы Сымбат Манатова және 1 курс студенті Нәзира Асан бірлесіп ойнаған «Том» фракциясы бірінші орынды иеленді.

«Ахмет Ұрпақтары» пікірсайыс клубының мүшелерін жемісті жеңістерімен құттықтай отырып, әрі қарай биік жетістіктерге жетуіне тілектестігімізді білдіреміз. Тағы бір атап өтетін жайт Ахмет Ұрпақтары клубы 2007 жылы дәл осы қараша

# Серпіндіктерге серпіліс берген жарыста...

**Бақдәулет МАХСЕТОВ, ГӘФ Журналистика мамандығының 4 курс студенті**

«Серпін-2050» әлеуметтік жобасы аясында астықты алқап Қостанайға білім алуға арман қуып келген жастар спорт зал алаңында тер төкті.

«Шынықсаң, шымыр боласың» атты спорттық іс-шара 25-29 қазан айының аралығында өтті. Жарыстың өтуіне мұрындық болған А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің кәсіподақ ұйымы. Аталған іс-шара университеттің «Сұңқар» спорт кешенінде өткізілді. Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі тоғызқұмалақтан, ұлдар арасынан ветеринарлық факультетінің 2-курс студенті Абылай Мырза бас жүлдені қанжығасына байласа, қыздар арасынан ветеринарлық факультетінің 2-курс студенті Диана Тоғызбай жеңімпаз атанды.

Салауатты өмір салтын насихаттайтын жоба мұнымен аяқталған жоқ. Ұлдар баскетбол, қыздар волейболдан сынға түсті. Баскетбол бойынша 8 топтан құралған құрамадан инженерлік-техникалық факультеті командасы топ жарса, ал қыздар бойынша 5 топтан құралған құрамадан аграрлық-биологиялық факультетінің командасы бірінші орынға ие болды. 'Жарыс болған жерде жеңіс пен жеңіліс қатар жүретіні анық. Барлығы жеңіске лайық екенін айтқан ИТФ құрамасының капитаны Көркем Тасшабай: «Бүгінгі волейболдан өткен жарысқа өте мықты командалар қатысты. Бірінші қарсыласымыз тарих және құқық факультеті, одан кейін ветеринарлық факультет. Ең тартысты өткен соңғы ойын. Мен орын алған командаларды шын жүректен құттықтаймын», - деді.

**Жайдарман-2016**

# Тапқыр жастар жарысы

**Қ.МҰРАТБЕКҚЫЗЫ**

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 2-ші



корпусында «ҚМУ ректорының кубогына» арналған факультетаралық «Жайдарман» ойындары өтті. Маусымашарға әрбір факультеттен барлығы тоғыз команда қатысты.

Әр факультеттен және екі студенттер үйінен бір командадан жасақталып, ойынға шықты. Олар «Алғабас» (ЭФ), «Шапалақ» (АБФ), «Әділет» (ЗФ), «Элегант» (ИТФ), «ВЕТФАК» (Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті), «Әдемі» (ГӘФ), «КГУ МЭН» (№2 студенттер үйі), «Ізбасарлар» (АТФ) «Жатақхана жұлдыздары» (№1 студенттер үйі).

Жайдарманға көрермендер көп жиналды. Залдың іші лық толып шыға келді. Әсіресе,



ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің жанкүйерлері белсенділік танытты. Командалар да әдемі әзіл айтып, көптің көңілінен шығуға тырысты. Бұл жолғы ойында Жайдарман сахнасына алғаш рет шығып, өнер көрсеткен командалар болды.

Университетіміздегі жастар бастамаларын дамыту орталығының басшысы Болат Қалиев, оқу орнының баспасөз-хатшысы Алла Чечёткина бастаған бірнеше әділқазылар тапқыр жастардың өнерін бағалады. Жоғары ұпай жинаған «КГУ МЭН», «Әдемі», «Жатақхана жұлдыздары», «Әділет», «Ізбасарлар», «ВЕТФАК құрамасы», «Алғабас». командалары жартылай финалға жолдама алды. «КГУ МЭН» командасы үздік шығып, Жайдарманның кубогын иеленді.

Ойынның «Үздік актері», «Үздік актрисасы», «Үздік музыкалық әрлеушілері» де марапатталды.

**Serpinstart – Up**

# Өркениетті жастар

**Жамал ШАУКЕН, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еліміздің алға өркендеуі жолында жаңалық енгізуге талпыныс жасап жүрген жастардың қатары жыл санап өсуде. Осындай жастарға қолдау көрсету мақсатында республика көлемінде біршама айтулы іс-шаралар өткізілуде.

Жақында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Серпін-2050. Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жобасының грантына үміткерлер арасында «SerpinStart – Up» интеллектуалды-инновациялық жобасының байқауы өтті. Байқауға барлығы 9 жоба ұсынылды. Қоғамның сан алуан маңызды мәселелерін қамтыған жобалардың тақырыбы өзекті, мазмұны терең болды. Студенттер өз жобаларын қорғау барысында кіріс пен шығыстың статистикалық есептерін ұсынды. Байқаудың басында «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының өкілі Ерлан Төлетаев студенттер мен магистранттарды Елордада өтетін «NURINTECH» атты Республикалық жобаның шарттарымен таныстырып өтті.

Аталмыш жобаның бас жүлдегері сегіз миллион теңгеге ие болып, өз жобасын жоспарлағандай іске асыруға мүмкіндік алатынын айтты. Үш сағатқа созылған нтеллектуалды-инновациялық жобаларды қорғау аяқталған соң, марапаттау рәсімі өтті. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі 1-ші орынды «Инсектицидті дәрілік препараттарды жасау» жобасымен «Ветеринарлық медицина» мамандығының 2-ші курс студенті Мөлдір Тілеміс иеленді. 2-ші орынды да «Ветеринарлық медицина» мамандығының 2-ші курс студенті, «Жануарлар өлекселерін техникалық жоюдың қазіргі кездегі әдістері» жобасының авторы Айдана Әкім еншіледі.



Ал, 3-ші орынды «Қазақстандық білім беру робототехникасы» атты жобамен ақпараттық технологиялар факультетінің 2-ші курс студенттері Ерсаят Садық пен Гаухар Төребек жеңіп алды. Ал қалған қатысушыларға сертификаттар табысталды. Байқаудан өте алмай қалған жобалардың жетекшілері мен студенттерге ескертулер айтылып, ұсыныстар жасалды. Студенттер жіберген қателіктерін жөндеп, келесі жылы да осы байқауға қатысуға тілек білдірді. Болашақ – жастардың қолында. Ал жастар, яғни өскелең ұрпақ жаңашылдыққа ұмтылып, ғылым мен білімге құштар өз елінің патриоты болса, онда еліміздің болашағы жарқын боларына сеніміміз мол.

# Мы -доноры

**Камила САЛКЫМБАЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Донорство - одна из наиболее распространённых форм помощи людям. Donare — (от латинского- «дарить»). Сдавая кровь можно спасти кому-то, жизнь и приятно осознавать, что ты кому-то помог. Несмотря на то, что большое количество людей регулярно сдает кровь, количество тех, кому она нужна гораздо больше. Существует множество мифов на эту тему, наиболее распространенные из них: сдача крови вредна для донора: сдавая кровь, можно получить какую-либо инфекцию, многие боятся, что донорская процедура весьма болезненна, для того чтобы сдать кровь, потребуется много времени. Но это всего лишь мифы и в этом можно убедиться в любом пункте сдачи крови. Только не каждый желающий может стать донором, существует два вида противопоказаний для этой процедуры .

Абсолютные противопоказания для донорской сдачи крови: СПИД/ВИЧ. Любой вирусный гепатит, независимо от того, острая это форма, хроническая или только упоминание в анамнезе. Туберкулез в любой стадии. Любое онкологическое заболевание в любой стадии. Любое заболевание крови и любые нарушения в составе крови, выявленные при биохимическом анализе.

Временные противопоказания для донорской сдачи крови: ОРВИ, после полного выздоровления, от которых должно пройти не менее месяца. Удаление зубов и другие хирургические стоматологические манипуляции, после чего должно пройти не менее десяти дней. Прививки, после которых, в зависимости от вида вакцины, должно пройти от десяти дней до одного года. Процедуры иглорефлексотерапии, нанесение татуировки или пирсинг любых участков тела — после этих процедур должно пройти не менее года. Беременность в любом из триместров, а также кормление малыша грудью — после родов должно пройти не менее года, а после окончания лактации — не менее трех месяцев.

Наших студентов не останавливают ни мифы, ни противопоказания, вот они и решили попробовать себя в роли доноров. 23 ноября на инженерно-техническом факультете прошел День донора, более 60 студентов пожертвовали кровь, а 25 ноября в главном корпусе студенты тоже присоединились к сдаче крови. В нашем университете студенты всегда готовы помочь нуждающимся. Такое масштабное мероприятие не оставило их равнодушными. Давайте же не будем ждать, когда нас снова попросят, а просто будем помогать.



# "Hollywood" на 2-м месте

**Бахыт ЖАНБАТЫРОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

19 ноября в столице нашей Республики прошёл финал национальной лиги КВН и команда "Hollywood", представлявшая наш университет, заняла 2 место, завоевав серебро.

Ближе к 18.00 зал Казмедиа центра в городе Астана начал заполняться зрителями, которые пришли поддержать свои команды и просто зарядиться хорошей и положительной энергетикой. Игра началась в 19.00 и участие в финальной игре приняли 4 команды:"Hollywood"-г.Костанай, "Акцент"-г.Павлодар, "Сборная Коргалжина"- Акмолинская область и "Сборная Костанайской области". После первого конкурса - визитки, команда нашего университета набрала наивысший балл и быстро заняла лидирующую позицию в этой игре. Следующий конкурс был капитанский, где Дархан Коргамбеков с достоинством и успехом представил команду "Hollywood" и закрепил за собой лидирующее место. Третий конкурс был очень интересен для зрителей и членов жюри - "видео-конкурс". По окончанию этого конкурса команда КВН "Hollywood" и "Сборная Коргалжина" набрали равное количество баллов и боролись за 1 место. Команда "Акцент" и "Сборная Костанайской области" так же получили одинаковое количество баллов и боролись за 3 место. Завершающим конкурсом в этой финальной игре было Домашнее задание и по его окончанию команда "Hollywood" оказалась на 2 месте, уступив команде "Сборная Коргалжина" на 0,4 балла, которая завоевала золото и приз в размере 1.000.000 тенге. При этом стоит отметить, что на протяжении всего сезона 2016 года Национальной Лиги КВН Команда "Hollywood" была в лидерах. 3-е место в этой игре завоевали две команды: "Акцент" и "Сборная Костанайской области".

Мы желаем команде КВН "Hollywood" удачи и положительных эмоций в их любимом деле, хороших зрителей на играх и побед!

# Лирический ноябрь

**Гульнур КАБДЫБЕКОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Под таким названием в Центре знаний КГУ имени Ахмета Байтурсынова прошел поэтический вечер для любителей поэзии. Всех их объединило желание услышать стихи знаменитых поэтов, прочесть лирические произведения.

Вечер начался в уютной обстановке, которая позволила окунуться в сокровенный мир поэзии. На фоне музыки, горящей свечи и ярких слайдов звучали стихи С. Есенина, В.Маяковского, К.Симонова, А.С.Пушкина, В. Гафта, Б.Пастернака, А.Астаховой, А.Ахматовой, Б.Ахмадуллиной, В.Высоцкого, известные произведения великих казахских поэтов: М.Макатаева, Ф. Онгарсыновой, К. Бекета, Е.Нурмангалиева, Ж. Молдагалиева.

В мероприятие приняли участие около 40 студентов разных курсов и специальностей, присутствовали и гости вечера, которые пришли их поддержать. Приятно отметить, что все они люди разных профессий, интересов, но всех объединило то, что является стержнем для человека – любовь к родным местам, к матери.

Благодаря, компетентному жюри, в состав которого входили сотрудники Центра знаний, были отмечены те, кто смог тронуть сердца слушателей своим умением декларировать стихи.

Особенно хочется отметить тех, кто представил свои авторские произведения:Бекет Конарбай - студент1 курса ИТФ, Антон Бутенко - студент 2 курса ИТФ, Мариям Волынец - студентка 3 курса ЭФ.

«Лирический ноябрь» не хотел подходить к концу, никто из присутствующих не торопился покидать зал, каждому хотелось продолжить общение, поделиться впечатлениями.

Отдельно, хотелось бы, поблагодарить организаторов этого поистине замечательного вечера - Центр Развития Молодежных инициатив и студенческую организацию Evolution.

Надеемся, что такие «вечера поэзии» станут традицией нашего ВУЗа.

# ОСЕНЬ – ПОРА ПРИЗЫВА




**Венера МАМАТОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В октябре в Казахстане стартовала призывная кампания «Осень-2016». В Вооруженные Силы, другие войска и воинские формирования Республики Казахстан будут призваны граждане 1989-1998 годов рождения, сообщается на портале МВД РК.

*«Особенность призыва в современных условиях – это его открытость и прозрачность, которая достигается, прежде всего, благодаря участию в работе призывных комиссий и представителей общественности», - говорится далее на сайте МВД республики.*

Армия - это школа мужества. По крайней мере так считает старшее поколение. Наверное, поэтому большинство наших пап служили в армии, и это, действительно, было делом чести мужской части населения Дисциплина, формирование мужской зрелости и патриотизма проходит именно там. К сожалению, постперестроечные времена развеяли этот миф. Да и сегодня в СМИ нет-нет появляются материалы о том, что не все гладко в наших Вооруженных силах. И если раньше, все без исключения буквально рвались в армию – не пойти служить было, стыдно то сегодня одного желания мало. В каждом парне должно присутствовать крепкое здоровье, желание, уверенность в себе. А еще, сила воли, умение вести себя и находить выход из любых ситуаций. Мне кажется, несмотря ни на что, армия из молодых юношей делает настоящих мужчин.

Так почему многие сегодня не хотят служить, или чего боятся современные наши юноши – такова была цель моего социологического опроса, который я провела через социальные сети VK.

Акниет, выпускник школы: «В армию идти надо. Она нужна и в мирное время тоже. А вдруг война случится? Сейчас, как мне кажется актуальна проблема терроризма, а их последствия, как мы знаем, чреваты для общества. Поэтому любой мужчина должен быть готов к защите своей страны".

Сагадат, студент КСТК: *«Мне 18 лет исполнилось, и в армию я пойду, если призовут, но только по контракту. В частях, которые действуют по контрактной системе, и которая сейчас применяется практически во многих странах, мне кажется многому можно научиться, освоить специальности, которые пригодятся в гражданской жизни».*

Руслан (г. Кокшетау, служил три года назад): «В первую очередь, армия нужна для защиты независимости и суверенитета страны. Этот вопрос в наши дни очень актуален. В современных условиях, когда то там, то тут вспыхивают войны, наши войска должны быть мобильными. Так как сам отслужил, могу смело сказать, что наша армия реально оснащается. Пополняется техническими новинками. И несмотря на то, что в прессе всякое пишут, хочу сказать ребятам – не надо бояться идти в армию».

Действительно, мнения ребят разнятся. Кто- то в принципе не боится пройти школу мужества, кто- то говорит о том, что зря теряется год жизни. А кто- то ссылается на родителей, которые якобы не пускают их в армию. Да, родителей можно понять, никто не хочет терять сыновей в мирное время.

А вот что по этому поводу думает начальник военной кафедры КГУ им. А. Байтурсынова ребят полковник Болат Болатович Токин:

*- По моему личному мнению, служба в вооруженных силах нужна. Настоящий мужчина - это прежде всего защитник Отечества. Особенно, учитывая современную геополитическую обстановку в мире и угрозы, которые существуют. Каждый мужчина в стране, на мой взгляд, должен быть знаком с военным делом. Соответственно он должен пройти службу. Немаловажным фактором является в этих условиях военно-патриотическое, идеологическое воспитание. Я считаю, молодежь нужно воспитывать патриотами своей страны.*

Что касается нынешнего призыва, то по данным интернета, в этом году отбор призывников идет жесткий. Особое внимание уделяется психологическому состоянию потенциального солдата и его принадлежности к той или иной религии. Самый популярный физический недуг, по которому отсеивается 45% призывников, – это плоскостопие.

В первую очередь в армию отправляют тех, кому уже исполнилось 20 лет. Призывники такого возраста легче переносят тяготы и лишения армейской службы и быстрее постигают азы военной науки. Предпочтение при отборе отдают призывникам с дипломом о высшем образовании. На, что и Сотрудники Министерства обороны заявляют, что в наши дни все больше молодых людей идут в армию добровольно.

*Ана тілің – арың бұл...*

# Кімнен, неден ұяламыз?

**Нұрсәуле ШАПАТУЛЛАЕВА, Ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультетінің 2 курс студенті**

Бұл – Солтүстік Қазақстан. Оңтүстіктегідей у-шу, шыж-быж тірлік, уақытпен арпалысып, әрлі-берлі жүгіріп, шапқылап жүрген адамдар жоқтың қасы. Емін-еркін, жайбарақат жандар көп. Әйтеуір, таң атып, кеш батады. Не істеп жүргендерімізді мен түсінбедім?

Қызылорда облысынан Қостанайға оқуға келген бір жылдың ішінде облыс орталығында ана тілінде емін-еркін сөйлеп, салт-дәстүрін бағалайтын жастардың аз екенін байқадым. Қазақ жоқ емес, бар... Өкініштісі, көбі ана тілінде сөйлей алмайды. Неге?.. «Себебі, біз Ресейге жақынбыз, солай қалыптасып қалғанбыз!»,-дейді қазақтың бір баласы орысшалап. Бұл жігіт қазақ тілін әреңәрең түсінеді және сонысымен мақтанады. Мен қатты ұялдым. Солтүстіктің жерлері түгел дерлік Ресеймен шектеседі – орысша сөйлейді, оңтүстік-шығыс, Алматымыз Қытаймен көршілес – қытайша, оңтүстігіміз – Өзбекстан, Қырғызстанмен жапсарласа орналасқан. Егер олар да өзбек, қырғыз тілінде сайраса, қазақтың батыр бабалары мен кезіндегі жаужүрек балалары не үшін жанын пида етті?..

Бұл өте бір қызу талқыға түсетін, көп тармақты тақырып қой, достар! Байқап қарасам, жастардың көбі қазақ тілінде сөйлеуге ұяла ма деймін. Бірақ, неге? Айтыңызшы, сіздің ана тіліңіз, батыр бабаңыздың тілінде сөйлеуге не кедергі? Ұлтыңызға деген сүйіспеншілік пен махаббатыңыздың оянбауы қалай? Сен неге өз жеріңде өз тіліңде сөйлей алмай бейшара халге түскенсің? Ұлттық рух қайда? Неден ұяласың? Кімнен ұяласың? Бір қазақ қазақ тілінде сөйлесе, екінші, үшінші бір қазақтың менсінбей, кекесінмен қарауы қалай? Менің тілім – ұялатындай тіл емес, біліп қойыңыздар! «Қазақ тілі – бай тіл, оралымды, теңеу бейнелері ерте туған тіл»-деп суреттеген Ғабит Мүсірепов. Ендеше, қазақ тілінде сөйлеуге ұялғанша, қазақ тілін білмегеніңе ұялсаңшы?! Қостанай базарындағы қырғыздар да өзара ана тілінде сөйлейді, қастерлейді, ұмытпаған. Балаларын өз тіліне, діліне үйретіп отыр.

Осы жердің тумасы, қазақтың ақыны, әдебиет зерттеушісі, ғалым, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынов: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»,-депті. Иә, шынымен, қазақ тілімен қоса өзі де жоғалған, рухы жоқ замандастардың көбін-ай... Көпке топырақ шашудан аулақпын. Ортамызда ары таза, жаны пәк, рухани тұғыры биік жандар да жетерлік.

Қазақ тілім – ана тілім, алтын кенім, байлығым, бар асылым, жақұтым, анамның ақ сүтімен келген менің аппақ арым. Достарым, өзіңді, шыққан тегіңді бағалай біл! Сол арқылы, тілің мен діліңді, ұлтың мен салтыңды, жаның мен тәніңді, дәстүр мен ғұрпыңды, дінің мен рухыңды бағалайтын боласың. Ата-бабаларымыздың жасаған сан мың ерліктерін оқып-біліп, ұғынып, түсініп әрі оларды қастерлей білейік! Баба ерлігін балаға үйретіп, рухани мықты ұрпақ тәрбиелерміз, Құдай қаласа.

Сонымен, достарым, барлығымыз бабаларымыздан қалған, осынау қасиетті, қастерлі ұғымдарды жанымызбен ұғып, рухымызбен сезініп, көзіміздің қарашығындай қорғағанымыз абзал болар!

# Студенттердің игі бастамалары

**Сымбат БӘЙДІЛДИНА, Аграрлық-биологиялық факультетінің 2 курс студенті**



А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің аграрлық-биологилық факультетінің белсенді студенттері «Облыстық қан тапсыру орталығына» барып, жаман ауруға шалдыққан 11 жасар Гауһар Бимурзаеваға қол ұшын бермек ниетпен қан тапсырды. Бүлдіршін облыстық ауруханада ем қабылдауда. Аллогенді гематопоэтикалық трансплантация жасау үшін Гауһардың қанына сәйкес донор табылмай жатыр. Бұл жайт біздің студенттерді бей-жай қалдырмады. «Біздің қанымыз Гауһарға болмаса басқа науқасқа жарар»,- деп, арнайы ұйымдастырылған акцияға қатысуға ықылас білдірген жастар көп болды. Дертке шалдыққан жеткіншектің өміріне үміт сыйлауға ниеттенген студенттерге облыстық қан тапсыру орталығының басшылығы алғыстарын жаудырды.

Жалпы ҚМУ студенттері осындай шараларға жиі қатысып тұрады. Көбіне мұндай акциялардың ұйымдастырушылары да студенттердің өздері. Қарашаның 25-і күні А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дегі «Өнер» студиясының қабырғасында кезекті «25 студенттік бастама» акциясының шеңберінде оқу ордамыздың басшылығы, оқытушылары және студенттері қан тапсырды.

Қан тапсыруға келушілер қатары таңғы сағат тоғыздан бастап, түскі бірге дейін толастаған жоқ.

Мұндай игі бастамаларды қолдаушы жастар легі жыл өте толыға түседі деген сенімдемін!



# Егемен елдің мерейтойы

**Арайлым ҚҰЛТАЕВА, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

Биыл бізде ұлы той – дәлірек айтсақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты, әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде дағдарысқа қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік-биік белестерді бағындырды, талай-талай толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Бұл болашақ ұрпақ үшін, мына біздер үшін үлкен мақтаныш, мәртебе, асыл мұра!

Алашқа мәлім, мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Оның бәрін тізе берсек, газетіміз қалыңдай түсер. Сондықтан, жәй ғана тәуелсіз елге тілек арнайық. Өткен жылы, яғни 2015 жылдың 30 қарашасындағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл - тәуелсіздікті нығайту жолындағы




өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді.»,- деп алдағы кезеңде кездесетін сындардан мүдірмей өтуге шақырған еді. Біз мүдірмей өтіп келеміз. Мұның барлығы да тұғыры биік тәуелсіздігіміздің арқасы деп білемін.

«Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыршешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туды». Бұл Елбасының 2015 жылғы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік күні қарсаңында сөйлеген құттықтау сөзі. Осыдан соң, алып-қосар сөз болсын ба. Елге деген шынайы тілек – Жаңа дәуірдің жұлдызы жарқырай берсін, ағайын!

Тәуелсіз елде ғұмыр кешіп жатқан біздер – бақыттымыз. Себебі, күллі әлем қызыға қарайтын Қазақ елі – біздің мекеніміз. Қайсар елдің ұрпағы болу мен үшін баға жетпес құндылық. Мақтанышпен айтамын: «Егемен елім 25-те, тойла, қазақ!

# Жоспарсыз іс – қанатсыз құс

**Гаухар МҰРАТҚЫЗЫ, ГӘФ Журналистика мамандығының 1 курс студенті**

Адам бір істі қолға алмас бұрын алдымен сол іске байланысты жоспар құрып алуы керек. «Жоспарсыз іс – қанатсыз құс» деп бекер айтылмаса керек. Ал істі жоспарлағаннан кейін сол жоспардың орындалуына күш салған жөн. Жоспар құрғанда оны дәл, әрі нақты етіп жасаған абзал. Мұндайда ата-бабаларымыз «Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе қыстырма» деп бір-ақ ауыз сөзбен тұжырым жасаған. Демек, бастайтын ісіңіз қолыңыздан келеме? Белгіленген уақытта аяқтай аласыз ба? Міне, осы жайттарды санаңызда әбден пісіріп, зерттеп, зерделеп алуыңыз қажет.

Қандай іс болмасын асқан мұқияттылықты қалайды. Іс сапалы атқарылмайынша онда береке болмайды. Бір істі тыңғылықты атқара алмаған кісінің екінші бір істі жеріне жеткізе орындауы неғайбыл.

Істің өз уақытында нық аяқталуы адамның әлеуметтік-материалдық қажыр-қайратына тікелей байланысты. Белгілі бір істі бастаған соң, оның дер кезінде шегіне жетуі аса маңызды екенін естен шығармаған жөн. Басталған істі себеп-салдарсыз кейінге шегере беру кім-кімге болмасын абырой әпермейді.

Адамды адам қылған еңбек екені даусыз. Ол туралы халық даналықтары да көп. Мысалы: ***«Жалқаудың ісі бітпейді», «Еріншектің ертеңі бітпес»*** т.б.

Жоғарыда айтылған ойды «істің аяқталуына кедергі болатын ең басты мәселе – ол жалқаулық» деп тұжырымдауға болады.

Еріншектік, бойкүйездік сияқты жаман әдеттерге үйір болған адамның ісі ешқашан оңға баспайды. Еріншек «бұл істі ертең істеймін ғой» деп уақыттан ұтылады.

Мезгілінде аяқталмаған істің маңызы жоқ. Сондықтан бүгін бітуі тиіс игілікті істі ертеңге қалдырмаған жөн.

# Үздік пікірсайысшы



Көкшетау қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Ақмола облыстық ораторлар форумы аясында республикалық пікір сайыс турнирі өтті. Аталмыш турнирге Астана, Алматы, Қарағанды, Қостанай қалаларынан командалар қатысты.

Республика деңгейінде өткізілген іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 40 команда тіркелсе, олардың ішінен үздік деген 24 команда сайысқа қатысуға жолдама алды. Нәтижесінде бас жүлдені Қостанай облысының «Аманкелді тарландары» командасы иеленді. Команданың бірінші спикері, гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің Журналистика мамандығының 2 курс студенті Нұрислам Жұмакеновке турнирдің бас жүлдесін табыстады. Нұрисламды қол жеткізген жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз!

# «Президент оқулары» сайысының жеңімпаздарын құттықтаймыз!



2016 жылдың 15 қараша күні Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Н.Островский атындағы қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен жоғары оқу орындары студенттері арасында өткен «Президент оқулары» атты мәнерлеп оқу сайысына қатысып, жүлделі орындарға ие болған филология мамандығының студенттерін құттықтаймыз. **1-орын–Асыл Кәрімжан; 2-орын– Ақерке Қуаныш;** *Ынталандыру сыйлықтарымен:* **Құнжамал Кенжеахметова, Кәмшат Сабыржан, Айым Нұрман марапатталды.**

# Поздравляем!



***Поздравляем кафедру практической лингвистики, кафедру иностранных языков гуманитарно-социального факультета с вручением Благодарственного письма Хакасского института развития образования и повышения квалификации «За активное участие в on-line секции IV международной научно-практической конференции «Сохранение и развитие языков и культур коренных народов Сибири». Активные участники конференции: Г.К.Журсиналина – к.ф.н., М.В.Румянцева - к.ф.н., ст. преподаватель, магистр гуманитарных наук А.Б.Алтыбаева.***

***Желаем семейного благополучия, дальнейших творческих успехов!***

# С победой!


Диплом
Мырзабай Сералы


Диплом
Пастушенко Инна Игоревна,
Полторадина Мария Владимировна

Республиканского конкурса ежегодного научно-исследовательских работ среди студентов высших учебных заведений Республики Казахстан.

Дипломами 2-ой степени награждены:

Аграрно-биологический факультет: И.Пастушенко, М.Полторадина «Ландшафтный дизайн территории центральной части парка с применением инновационных «зеленых» технологий». Научный руководитель – О.Н. Бабенко.

Центр языковой подготовки: С.Мырзабай «Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық қоғалысының жетекшісі Оспан батыр Исламұлы». Научный руководитель – Г.К. Журсиналина.

Дипломами 3-ей степени награждены:

Гуманитарно-социальный факультет: Д.Абдирова Д «Региональные СМИ в Интернете». Научный руководитель – О.Г. Кунгурова.

Факультет ветеринарии и технологии животноводства: И.Киселев «Сравнительная оценка роста, развития и мясной продуктивности бычков аулиекольской породы различных линий в условиях ТОО «Жолдас»». Научный руководитель – И.М Тегза.

Поощрительная грамота МОН РК:

Гуманитарно-социальный факультет: Д.Уразалина «Функционирование эвфемизмов в политическом дискурсе». Научный руководитель – С.С. Жабаева.

# С ЮБИЛЕЕМ!

Поздравляем ***Нину Андреевну КУРЗОВУ*** – кандидата философских наук, доцента кафедры философии




# Победа в фотоконкурсе

Стали известны результаты фотоконкурса «Ауылым менің жұмағым», организованного областной газетой «Қостанай таңы», посвященного 25-летию Независимости Республики Казахстан.

Участниками конкурса стали государственные служащие, школьники, студенты, представители разных отраслей.

Задача конкурса состояла в том, чтобы развивать чувство патриотизма, творческие идеи и креативный взгляд на окружающую среду.

Специальная независимая комиссия из числа профессионалов определила победителей конкурса.

Среди них есть и представители костанайского студенчества. Обладателем приза и Диплома 2-й степени стал студент 4 курса специальности «Журналистика» Кенжегул Жанболат.

Комиссия отметила, что его фоторепортажи отличают мастерство и профессиональный взгляд на события.

Кафедра журналистики и коммуникационного менеджмента поздравляет Жанболат Кенжегул и желает ему творческих успехов.



"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері
Беттеген Айтолқын Қапан
Бас маман Арайлым Сарбасова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №2428 Тираж 1200 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген